

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі № 516 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 қазанда № 4770 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 474 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 28.04.2017 № 474 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі №94 Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары Ә.Қарқынбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қармақшы ауданының әкімі

Н. Шамұратов

КЕЛІСІЛДІ:

Қармақшы аудандық тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық,

жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары бөлімінің басшысы

_____ М.Еркебаев

"17" қыркүйек 2014 жыл

Қармақшы ауданы әкімдігінің

2014 жылғы "17" қыркүйектегі

№ 516 қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері

Ескерту Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 11.06.2015 N 737 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Мекенжай	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері бір шаршы метріне айына (тенге)
1	Жосалы кенті, Тұңғышбай Сегізов көшесі, № 19 үй, 4 пәтер	40,62
2	Жосалы кенті, Тұңғышбай Сегізов көшесі, № 21 үй, 11 пәтер	41,00
3	Жосалы кенті, Тұңғышбай Сегізов көшесі, № 1 үй, 5 пәтер	46,89
4	Жосалы кенті, Хамза Жомартов көшесі, № 7 үй, 8 пәтер	47,24
5	Жосалы кенті, Абай Құнанбаев көшесі, № 102 үй, 4 пәтер	46,66
6	Жосалы кенті, Абай Құнанбаев көшесі, № 96 үй, 5 пәтер	43,29
7	Жосалы кенті, Смағұл Ысқақов көшесі, № 33 үй	154,78
8	Жосалы кенті, Смағұл Ысқақов көшесі, № 37 үй	154,78
9	Жосалы кенті, Тұңғышбай Сегізов көшесі, № 26 үй, 11 пәтер	73,27
10	Жосалы кенті, Ерназар Сексенбаев көшесі №21 үй, №4 пәтер	70,24

Ескерту: Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлері Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 Бұйрығымен бекітілген мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлерін есептеу әдістемесіне сәйкес есептелінді.